

ҒТАХА 16.21.55

DOI: <https://doi.org/10.62724/202610203>

Бекмашева Актоты Нигметовна*¹

Филология ғылымдарының кандидаты, қауымдастырылған профессор, Батыс Қазақстан инновациялық-технологиялық университеті, Орал, Қазақстан, vipbekmasheva@mail.ru, ORCID ID: 0000-0001-7189-8952

ПАРЕМИОЛОГИЯЛЫҚ БІРЛІКТЕРДЕГІ ПАРОНИЯЛЫҚ АТТРАКЦИЯНЫҢ СТИЛИСТИКАЛЫҚ ҚЫЗМЕТІ

Аңдатпа. Бұл мақалада паремиологиялық бірліктердегі паронимиялық аттракцияның лингвостилистикалық қызметі қарастырылды. Зерттеудің мақсаты – қазақ мақал-мәтелдер, сентенциялар және кейбір фразеологизмдердегі дыбысталуы жағынан ұқсас, бірақ мағыналары әртүрлі сөздердің семантикалық жақындасуы арқылы жасалған паронимиялық аттракция құбылысының стилистикалық мүмкіндіктерін айқындау және оның мәтіннің экспрессивтілігі мен әсерлілігін арттырудағы рөлін саралау. Зерттеу барысында сипаттамалы, салыстырмалы, семантикалық және стилистикалық талдау әдістері қолданылды. Сонымен қатар мақал-мәтелдер корпусынан іріктелген тілдік материалдарға, бірақатар тұрақты тіркестерге лингвостилистикалық талдау жүргізілді. Зерттеу нәтижесінде паремиологиялық бірліктердегі паронимиялық аттракцияның тілдік ойнақылықты, дыбыстық үйлесімді, мағыналық қарама-қарсылықты және экспрессивтік әсерді қалыптастырудағы стильдік қызметі анықталды. Сондай-ақ дыбыстық ұқсастыққа негізделген сөздердің қатар қолданылуы мақал-мәтелдердің бейнелілігін арттырып, олардың эстетикалық әрі бейнелілік мәнін күшейтетіні байқалды. Жүргізілген зерттеу паремиологиялық бірліктердің тілдік құрылымын жаңа қырынан қарастыруға мүмкіндік береді және паронимиялық аттракцияның ақын-жазушыларымыз шығармаларында авторлық афоризм, сентенция сияқты тілдік бірліктердегі қызметін айқындауға ғылыми негіз қалайды. Зерттеу нәтижелері қазақ тіл біліміндегі фразеология, стилистика және мәтін лингвистикасы салаларында қолдануға, сондай-ақ жоғары оқу орындарында тіл мәдениеті, стилистика және лексикология пәндерін оқытуда пайдалануға болады. Зерттеу қорытындылары паремиологиялық бірліктердің экспрессивтік мүмкіндіктерін тереңірек тануға және олардың ұлттық дүниетанымды бейнелеудегі тілдік ерекшеліктерін айқындауға да ықпал етеді.

Кілт сөздер. Паронимиялық аттракция, паремиологиялық бірлік, экспрессивтілік, дыбыстық үйлесім, афоризм, сентенция, стилистикалық айшық, фразеологизмдер.

Бекмашева Актоты Нигметовна*¹

Кандидат филологических наук, ассоциированный профессор, Западно-Казахстанский инновационно-технологический университет, Уральск, Казахстан, vipbekmasheva@mail.ru, ORCID ID: 0000-0001-7189-8952

СТИЛИСТИЧЕСКАЯ ФУНКЦИЯ ПАРОНИМИЧЕСКОЙ АТТРАКЦИИ В ПАРЕМИОЛОГИЧЕСКИХ ЕДИНИЦАХ

Аннотация. В данной статье рассматриваются языковые и стилистические функции паронимической аттракции в паремиологических единицах. Цель исследования – выявить стилистические возможности явления паронимической аттракции, возникающей в результате семантического сближения слов, сходных по звучанию, но

различающихся по значению, в составе казахских пословиц и поговорок, сентенций, а также некоторых фразеологизмов и определить её роль в усилении экспрессивности и выразительности текста.

В процессе исследования были использованы описательный, сопоставительный, семантический и стилистический методы анализа. Кроме того, был проведён лингвостилистический анализ языкового материала, отобранного из корпуса пословиц и поговорок, а также ряда устойчивых выражений.

Результаты исследования показали, что в паремиологических единицах паронимическая аттракция выполняет ряд стилистических функций, среди которых языковая игра, звуковая гармония, усиление смыслового контраста и создание экспрессивного эффекта. Установлено, что параллельное употребление слов, основанное на их фонетическом сходстве, способствует усилению образности пословиц и поговорок, а также повышает их эстетическую и художественную выразительность.

Проведённое исследование позволяет рассмотреть языковую структуру паремиологических единиц с новой точки зрения и создаёт научную основу для выявления функций паронимической аттракции в таких языковых единицах, как авторские афоризмы и сентенции в произведениях казахских писателей и поэтов. Результаты исследования могут быть использованы в области фразеологии, стилистики и лингвистики текста казахского языка, а также в преподавании дисциплин «Культура речи», «Стилистика» и «Лексикология» в высших учебных заведениях.

Полученные выводы способствуют более глубокому осмыслению экспрессивных возможностей паремиологических единиц и выявлению языковых особенностей отражения национального мировоззрения в казахском языке.

Ключевые слова. Паронимическая аттракция, паремиологическая единица, экспрессивность, звуковая гармония, афоризм, сентенция, стилистическое средство, фразеологизмы.

Bekmasheva Aktoty Nigmatovna *1

Candidate of Philological Sciences, Associate Professor, West Kazakhstan Innovation and Technological University, Uralsk, Kazakhstan, vipbekmasheva@mail.ru,
ORCID ID: 0000-0001-7189-8952

THE STYLISTIC FUNCTION OF PARONYMIC ATTRACTION IN PAREMIOLOGICAL UNITS

Abstract. This article examines the linguistic and stylistic functions of paronymic attraction in paremiological units. The purpose of the study is to identify the stylistic potential of the phenomenon of paronymic attraction, which arises from the semantic convergence and parallel use of words that are similar in sound but different in meaning in Kazakh proverbs and sayings, sententious expressions, as well as certain didactic phraseological units, and to determine its role in enhancing the expressiveness and effectiveness of the text.

The research employs descriptive, comparative, semantic, and stylistic methods of analysis. In addition, a linguostylistic analysis was carried out on linguistic material selected from the corpus of proverbs and sayings, as well as from a number of fixed expressions.

The results of the study demonstrate that in paremiological units paronymic attraction performs several stylistic functions, including the creation of wordplay, the formation of sound harmony, the intensification of semantic contrast, and the production of an expressive effect. It

has been established that the parallel use of words based on their phonetic similarity enhances the imagery of proverbs and sayings and increases their aesthetic and artistic expressiveness.

The conducted research allows the linguistic structure of paremiological units to be reconsidered from a new perspective and provides a scientific basis for identifying the functions of paronymic attraction in such linguistic units as authorial aphorisms and sententious expressions in the works of Kazakh writers and poets. The findings of the study can be applied in the fields of phraseology, stylistics, and text linguistics of the Kazakh language, as well as in the teaching of such university courses as *Speech Culture*, *Stylistics*, and *Lexicology*.

The conclusions obtained contribute to a deeper understanding of the expressive potential of paremiological units and help to reveal the linguistic features through which the national worldview is reflected in the Kazakh language.

Key words. Paronymic attraction, paremiological unit, expressiveness, sound harmony, aphorism, sententia, stylistic device, phraseological units.

Кіріспе. Біздің заманымызға дейінгі V -IV ғасырлардың өзінде-ақ грек риториктері, адам сөйлеген кезде, сөз тіркесінің, сөйлемнің, тіпті жеке сөздің де дыбыстық құрамының әуезді болуы тыңдаушының жан дүниесіне ерекше әсер ететіні туралы айтқан болатын. Ал XX ғасырдың басында Ресейде символист ақындардың дыбыс пен мағына проблемасына қызығушылығы пайда болып, олар өздері жасаған поэтикалық образдар мен сөздердің дыбысталу арақатынасын эмпирикалық жолмен шешпекші болады. В.Хлебников, К.Д.Бальмонт, А.Белый және т.б. сөздегі дыбыстан өз ойын жеткізудің жаңа тәсілін тауып, соның негізінде жаңа поэтикалық тіл жасамақшы болған. В.П.Григорьев бұл тілдік құбылысты «паронимиялық аттракция» деп атайды [1, 267].

Дәл паронимиялық аттракция деп атамағанмен, бұндай құбылыстың бар екенін байқап, өздерінше, талдаған еңбектер де болды. Мысалы, Б.П.Гончаров бұндай құбылысты дыбыстық қайталаманың бір түрі ретінде таниды. Автор оны „дыбыстық жазу“ (звукопись) деп атап, бұған мәтінде қатар алынған сөздерде көркем әсер үшін бірдей дауыссыз не дауысты дыбыстардың қайталануы арқылы сөз үндестігін туғызатын құбылысты жатқызады да, мынадай мысал келтіреді:

Я вольный ветер, я вечно вею
Волную волны (Бальмонт) [2, 121-122].

Өткен ғасырдың 70-80-жылдары орыс тіл білімінде В.Т.Ткаченко, Р.Л.Кадимов, В.В.Феденов, О.И.Северская сияқты ғалымдардың кандидаттық диссертациялары мен В.П.Григорьев, Л.В.Зубовалардың еңбектері жазылып паронимиялық аттракцияның көркем шығармалардағы стилистикалық қызметі жан-жақты зерттелді. Зерттеуші ғалымдар паронимиялық аттракцияның басты белгісі дауыссыз дыбыстардың қайталануына (аллитерацияға) байланысты болғанмен, дауысты дыбыстардың өлең ішінде сәйкес келуі міндетті емес деп, оның кездейсоқ ұқсастыққа емес, семантикалық аттракция жасаушының «айқын» ұқсастығына құрылатынын айтады. Р.Г.Кадимов паронимиялық аттракцияға әр түбірден тараған, әр сөз табына жататын, сөйлемнің әртүрлі мүшесінің қызметін атқаратын және лексикалық та, әртүрлі топтардан да болған сөздерді контексте поэтикалық мағынасына орай жақындастыруды жатқызады: *пустыня стынет, заносчивый нос, «Дым из-за дом догонит нас длинными дланями»* (Маяковский) [3, 5]. Л.П. Ткаченко паронимиялық аттракция деген ұғымға паронимия, паронимасия, анноминация және тавтология құбылыстарын жатқызады да, бәрін бірге паронимиялық аттракция деп атайды. Автор паронимасияға әр түбірлі, бірақ дыбысталуы ұқсас сөздерді жатқызады: *...Писатели – Спасатели, Сказители – Сказатели, Касатели* души (Р. Казакова) [4, 2].

Демек, бұл анықтамалардан паронимиялық аттракция дегеніміздің мағыналары әр басқа әр түбірден де, бір түбірден жасалған сөздерді мағына жағынан емес, дыбыстық ұқсастығы негізінде контексте теңестіру, жақындастыру, поэтикалық семантизациялау болып табылатыны байқалады.

Мақаламыздың зерттеу нысаны болып отырған паремиологиялық бірліктер дегеніміз – халықтың ғасырлар бойы жинақталған өмірлік тәжірибесі мен дүниетанымын, ұлттық-мәдени құндылықтарын бейнелейтін тұрақты тілдік бірліктер жиынтығы. Паремиология – фразеология мен филологияның паремияларды, яғни мақал-мәтелдерді, афоризмдерді, ырым-тыйымдарды, жұмбақтарды және басқа да шағын фольклорлық жанрларды зерттейтін саласы. Ол халықтық нақылдарда әртүрлі халықтардың құндылықтары, өмірлік тәжірибесі, ойлау жүйесі мен мәдени ерекшеліктерінің көрініс табуын қарастырады. Паремиялар – дидактикалық (ағартушылық) мазмұны бар тұрақты тілдік бірліктер.

Зерттеу материалдары мен әдістері. Зерттеу барысында бірнеше ғылыми әдіс қолданылды. Зерттеу жұмысының негізгі материалы ретінде қазақ тіліндегі мақал-мәтелдер жинақтары мен паремиологиялық қордан алынған тілдік деректер пайдаланылды. Атап айтқанда, қазақ мақал-мәтелдері қамтылған ғылыми жинақтар, фразеологиялық және түсіндірме сөздіктер, сондай-ақ көркем әдебиет мәтіндеріндегі паремиологиялық бірліктер зерттеу нысаны ретінде қарастырылды. Жұмыста дыбысталуы жағынан ұқсас, мағынасы әртүрлі немесе мағыналық жақындасуы бар сөздер қатысатын мақал-мәтелдер іріктеліп алынып, олардың құрылымдық, семантикалық және стильдік ерекшеліктері талданды. Зерттеу барысында паронимиялық аттракция құбылысы байқалатын паремиологиялық бірліктер арнайы іріктеу әдісі арқылы жинақталып, талдау материалы ретінде пайдаланылды.

Зерттеуде сипаттамалы талдау, салыстырмалы талдау, семантикалық талдау және стилистикалық талдау әдістері қолданылды. Сипаттамалы әдіс арқылы паронимиялық аттракцияның паремиологиялық бірліктердегі көрінісі анықталса, семантикалық талдау арқылы олардың мағыналық құрылымы мен қызметі айқындалды. Стилистикалық талдау мақал-мәтелдердегі дыбыстық үйлесім мен сөз ойнақылығының экспрессивтік әсерін анықтауға мүмкіндік берді. Сонымен қатар мәнмәтіндік және функционалдық талдау тәсілдері арқылы паремиологиялық бірліктердегі, атап айтсақ, мақал-мәтелдер мен авторлық сентенциялардағы, тұрақты сөз тіркестеріндегі паронимиялық аттракцияның стильдік қызметі қарастырылды.

Зерттеу барысында төмендегі негізгі ғылыми еңбектер мен дереккөздер пайдаланылды: паронимиялық аттракция, тілдегі сөз үндестігі, дыбыстық үндестік мәселелеріне арналған В.П. Григорьев, Б.П. Гончарев, Р.Г.Кадимов, Л.П. Ткаченко сияқты орыс ғалымдары мен Р.Сыздық, Отар Әлі Бүркіттің еңбектері қарастырылды. Осы ғылыми дереккөздерді саралай отырып, мақаламызға қажетті ғылыми тұжырымдар мен анықтамаларды жинақтадық. Теориялық ойларымызға негіз, дәлел болатын мысалдарды қазақ мақал-мәтелдерін жинақтап берген <https://maqal.kz/> сайтынан, 2007 жылы шыққан Фразеологиялық сөздіктен және ақындарымыз М.Жұмабаев, М.Мақатаев, Т.Айбергенов, Қ. Мырзалиев пен жазушыларымыз Б.Нұржекеев, С.Жүнісов шығармаларынан алып, талдадық.

Нәтижелер және оларды талқылау. Үндес сөздерді мәтін ішінде қатар қолдану, басқаша айтқанда, жақындастыру арқылы стилистикалық айшық жасауды кейбір ғалымдар паронимиялық аттракция десе, екінші бір ғалымдар паронимия деп атайды.

Қазақ тіл білімінде бұл құбылыс әлі күнге дейін арнайы зерттелген жоқ. Бұл туралы алғашқы пікірлерді тек Р.Сыздықованың «Абайдың сөз өрнегі» [5] мен Отар Әлі

Бүркіттің «Қайталамалардың лингвостилистикалық жүйесі» [6] деген еңбектерінен кездестеруге болады.

Көркем шығарма тілінің сан қырлы өрнектерін жан-жақты зерттеп жүрген ғалым Р.Сыздықова аталған еңбегінде, өзі айтқандай, бұған дейін лингвостилистикада зерттелмеген, өлең жолдарында қатар келіп, әуезділік, экспрессивтілік қызмет атқаратын түбірлес сөздерді сөз етеді. Мысалы, *Қызық келсе, қызықпа, оңғаққа ерме... Орақ орап, орылар мезгіл жетті*. Осы жолдарға үндестік гармониясын туғызып тұрған «ор» және «қыз» түбірлерінен тараған түбірлес сөздер», - дейді автор [5, 145].

Ғалым Абайдың тек түбірлес ғана емес, жалпы үндес сөздерді қатар жұмсау арқылы, біріншіден, өлеңді сазды, екіншіден, сөздерін бейнелі қолдану арқылы өзінің көркем сөздің асқан шебері екенін танытатынын айтып: «*Ашуың – ашыған у, ойың кермек*» дегенінде адам мінезін білдіретін *ашу* сөзін етістік *ашу* (сүттің, сорпаның ашып кетуі) созімен ұштастырады: мінездегі «ашу» да бұзылған, «ашып» кеткен нәрсе деп теңеп тұр», - деп көрсетеді. Сол сияқты ақынның «*Керенау, кердең, бір керім..., Саяламай сай таппай..., Сарғайды жүзіміз, сарылды көзіміз*» деген жолдардағы белгіленген үндес сөздерді контекстік не логикалық түбірлестер деп, оларды мағыналарының логикалық уәжі семантикалық компоненттер қатарына шығарып тұрғандығын дәлелдеп, бұндай көркем тәсілдің тіл білімінде паронимиялық аттракция деп аталатындығын айтады [5,146-147].

Р.Сыздықова жалпы Абайға дейінгі поэзияда бұндай тәсілдің сирек қолданғандығын және қолданылса да, Абайдағыдай ұтымды болмағандығын Асан қайғы, Доспамбет, Шалкиіз, Бұқар сияқты ақын-жыраулардың өлеңдерінен мысалдар келтіре отыра дәлелдейді. Сөз соңында ғалым түбірлес сөздерді қатар жұмсау айтылмақ сөзді әсерлі ету үшін қолданылатын – дыбыстық қайталауға жататынын айтып, оны көркем мәтіндегі сөз мағынасын тани түсу үшін қажетті көркемдік-эстетикалық тәсіл деп көрсетеді [5,148-149 бб.]. Ғалым сөздердің бұндай әуезділікке құрылуы терең дыбыстық қайталамалар негізінде болатынын және оның өзі белгілі бір көркем образ жасаумен тығыз байланысты екенін ерекше атап көрсетеді.

Отар Әлі Бүркіт бұл құбылысты қайталаманың бір түрі ретінде қарастырады. Автор: «Поэтикалық мәтіндегі ұқсас дыбыстардың стильдік жағынан семантизациялануы бірте-бірте жеке әдіс ретінде дараланып, паронимиялық аттракция атауына ие болып, фоностилистикада стилистикалық фигура ретінде тұрақтай бастады. Оны кейде *парономазия* деп те атайды» [6, 82],- дейді.

Сөйтіп, бұл айтылғандардан паронимиялық аттракцияның фоностилистикада басқа стилистикалық тәсілдерден өзгешеленіп келген, өзіндік орны бар құбылыс екенін көреміз. *Паронимиялық аттракция* деп ғалымдар, негізінен, фонетикалық үндестікті семантикалық үндестікке жақындастырудан жасалатын поэтикалық құбылысты айтса, *парономазияға* мағыналары алшақ, дыбысталуы ұқсас болып келетін, әр түбірден тараған сөздердің контексте (әсіресе өлең жолдарындағы ұйқаста, каламбурлық ыңғайда) әсерлілік туғызу үшін қолданылатын, стильдік қызметімен ерекшеленетін құбылысты жатқызады. Паронимиялық аттракцияны жеке қолданушының талғамына құрылатын стилистикалық айшық деп танымыз.

Паронимиялық аттракция – дыбысталуы жақын, үндес, бірақ мағыналары әр басқа сөздердің стилистикалық айшық тудыру мақсатында мәнмәтінде әдейі жақындастырылуы. Олар, негізінен, сөз ойнақылығын (каламбур), мағыналық контрасты күшейту немесе мағыналық реңктерді айқындау, ойды әсерлі, көркем жеткізу мақсатында көркем шығармада, соның ішінде поэзияда қолданылады.

Зерттеу еңбектерін саралай отырып, тіл білімінде паронимиялық аттракция құбылысының тілдік табиғаты, стилистикалық мүмкіндіктері жан-жақты зерттелгенмен,

көркем шығармалардағы, соның ішінде жеке автордың қолданысындағы ерекшеліктері аз зерттелгенін, ал фольклорлық мәтіндердегі, мақал-мәтелдердегі паронимия құбылысына келетін болсақ, ол арнайы ғылыми зерттеудің тақырыбы болуды қажет ететінін анық байқадық.

Паремиологиялық бірліктерге тілімізде бұрыннан қалыптасқан, тәрбиелік, танымдық, эстетикалық мәні бар қысқа әрі тұрақты, нақыл сөздер, мақал-мәтелдер, фразеологизмдер жатады. Бұндай бірліктерде ой көбіне тұспалданып, әсерлі, көркем тілмен жеткізіледі. Паремологиялық бірліктердің көркемдігі айтайын деген ойды жинақы, сазды, ұйқасқа құрылуынан көрінеді. Сипаттап отырған кез-келген құбылысты салыстырып, қарама-қарсы қойып, шендестіріп, кейде жеңіл әзілмен, кейде сарказммен келуі де олардың тіл көркемдігін айшықтай түседі. Ә.Т.Қайдаров мақал-мәтелдер жайында: «Көркем сөз тәсілдерінің ішіндегі қуаттысы мен құнарлысы болып саналатын мақал-мәтелдер – тіл атаулының баршасына тән, өзіндік ерекшелігімен көзге түсетін әмбебап құбылыс» - деп тұжырым жасайды [7, 1].

Қазіргі паремиологиялық зерттеулер мақал-мәтелдерді функционалдық аспектіде қарастырады. Бұл бағытта мақалдардың құрылымы, семантикасы, сөзжасамдық типтері зерттеледі. Дәстүрлі түрде мақалдардың мазмұндық жағы негізгі назарда болса, функционалдық тұрғыдан қарастыру оларды паронимдік материал ретінде талдауға мүмкіндік береді.

Паронимиялық аттракцияның стилистикалық, тілдік сипатын мақал-мәтелдер де, нақыл сөздер де, тұрақты сөз тіркестері де кездесетінін дәлелдеп отыр. Мысалы,

Үштің айы - күштің айы.

*Ақырап ақырып келеді,
Қарлы боранын шақырып келеді.*

Үт келді - жұт келді.

Ойы шолақтың сөзі олақ.

Нақыл сөздерде қатар қолданылған үндес сөздер екі түрлі құбылысты, затты салыстыру, екеуінің ұқсастығын көрсету үшін қолданылады:

Су сүзілмейді, сүйек үзілмейді.

Бой жетпеген жерге ой жетеді.

Ел үмітін ер ақтар, ер атағын ел сақтар.

Халықтың ұлттық танымын, мәдениетін, салтын, дәстүрін көрсететін мақал-мәтел, нақыл сөздерімізде қарама-қарсы қою, шендестіру, салыстыру сияқты экспрессивті бояуы күшті стилистикалық тәсілдер жиі кездеседі. Оның мақсаты сипаттап отырған екі түрлі құбылыстың белгісін анықтап көрсету, ерекшеліктерін айқындап беру болып саналады. Ал егер осындай паремиологиялық бірліктер үндес, ұйқас сөздерден жасалса, олардың бейнелілігі арта түсетінін байқаймыз. Бұл жердегі дыбыстық үндестік пен ықшамдылық ойды өте әсерлі әрі көркем жеткізуге қызмет етеді. Мысалы,

*Түйедей бой бергенше,
Түймедей ой бер.*

*Ойлай берсең дана боларсың,
Ойнай берсең бала боларсың.*

Жақсының жүрген жері *базар*,
Жаманның жүрген жері *азар*.

Қоңсы *тату* болса - *құт*,
Қоңсы *қаңқу* болса - *жұт*.

Өсер елдің баласы,
Бірін-бірі батыр дейді.
Өшер елдің баласы,
Бірін-бірі қатын дейді.

Мақал-мәтелдердегі үндес сөздерді бірыңғай мүше ретінде өлеңнің бір жолында қатар қолдану, сөз мағынасын бірте-бірте күшейте түсу, дамыта түсу, кейде ойын анықтай түсу мақсатын көздейді. Мысалы,

Сәуір болса, күн *күркірер*,
Күн *күркіресе*, көк *дүркірер*.

Әз болмай, *жаз* болмайды,
Жаз болмай, *мәз* болмайды.

Жігіт болсаң, *шоқ* бол,
Шоқ болмасаң, *жоқ* бол.

Бұл жерде біз паронимиялық аттракциялардың белгілі бір синтаксистік қатынаста жұмсалғанмен, олардың барлығы бірдей қандайда бір айшықты түрде емес, жоғарыдағы мысалдардай қарапайым еркін тіркес ретінде де жиі қолданылатынын көріп отырмыз. Дегенмен паронимиялық аттракцияға құрылғандықтан, олардың дыбыстық ұқсастықтары, сөзаралық үндестіктері тұрған мәтіндеріне ерекше саз беру арқылы әсерлі етіп тұратыны сөзсіз. Мысалы,

Құлықсыз *құлақ* ойға *олақ*.

Шойын *қара*,
Шойын *қараның* ойын *қара*.

Үштің айы - *күштің* айы.

Жазмыштан озмыш жоқ.

Тілші-ғалым А.С. Әділова сентенция терминіне мынадай анықтама береді: «Сентенция – афоризмнің бір түрі, авторы анық көрсетілмеген афоризм, яғни белгілі бір контекстен үзіп алуға келетін, ықшамдығымен, әсерлілігімен әрі интеллектуалдық, әрі эстетикалық талапқа сай келетін, көбіне философиялық, дидактикалық поэзияның жемісі, көптің көңіліне ұялағандай қысқа құрылған нақыл сөз. Мұндағы тұжырым, негізінде, қарсы пікір тудырмастай, терең мәнді, артық-кемі жоқ, «жеті өлшенген» мазмұнды болып, көбіне ашық немесе бұйрық райда айтылады. Сентенция, әдетте, шығарманың соңын немесе шырқау шегін ұштай түсу үшін антикалық, қайта өрлеу және классицизм әдебиетінде кеңінен белгілі болған» [8, 24]. Қазақ ақындарының шығармаларынан осындай сентенцияларды жиі кездестіруге болады. Мысалы,

Әкеде *өсиет* бар өмір жайлы,
Балада *қасиет* бар алға алатын (Т.Айбергенов).

*Даналық – алпыстағы әкеңнен,
Балалық – он бестегі шешеден!*

*Нардың жүгін көтеру
Жардың жүгін көтеруден оңайлау (Қ.Мырзалиев).*

*Сәуір айы – малшыға сарыуайым,
Малмен бірге бағады ауа райын.*

*Ала сағым ішінде болашағың,
Болашағың – болашақ алашағың.*

*Өрсің-ау менің өз елім!
Өз елім – менің өзегім (М.М.).*

Тіліміздегі түбірлес сөздер де бір сөйлемде қатар жұмсалып, үн гармониясын, экспрессия тудырады. Бұл туралы: Р.Сыздықова «Түбірлес сөздерді қатар қолдану айтылмақ сөзді (ойды) әсерлі ететін амалдың бірі – дыбыстық қайталау тәсіліне жатады», - дей отыра, ой екпінінің сөздің түбіріне түсетіндіктен, сөздің мағынасымен бірге бейнелейтін образына назар аударылатынын айтады [5, 149].

Сөз зергерлері – ақындарымыз шығармаларындағы сөз-образ жасаушы тілдік бірліктер көбіне метафора, теңсеу, эпитет сияқты троптардан жасалып, ойды тұспадап жеткізумен қатар көріктілігін, әсерлілігін арттырады. Олардың бірақатары терең ойлы, ықшамды авторлық афоризмге, сентенцияларға құрылып, халықтың жадында сақталып отырады. Паронимиялық аттракцияға құрылған метафоралар біз теріп, қарастырған мысалдарда негізінен меншіктік қатынастағы тіркестерден жасалған. Меншіктік қатынастағы тіркестер көбіне тұрақсыз не авторлық метафоралар болып келеді.

*Бірі мініп келместің кемесіне,
Бірі күтіп әнеки жағада тұр (М.М.).*

О, Жапонның жампозы, аманбысың?! (М.Ж.).

Құбылыстарды қарама-қарсы қойып суреттеу, шендестіру әдісі де ақын шеберлігінің бір қыры болып табылса, ал олардың паронимиялық аттракцияға құрылғандары айтайын деген ойға ерекше әуезділік үстейді. Мына мысалдарда Қадыр Мырза Әли үндес сөздерді образды түрде шендестіру арқылы сөз құбылтып отыр.

*Жығу емес,
Ұғу елге керегі.*

*Нардың жүгін көтеру
Жардың жүгін көтеруден оңайлау.*

*Банкеттегі хрустальдің сыңғыры
Жапырақтың сыбдырына тұрмайды.*

Әрине, ақындардың ойын әсерлі жеткізуі шеберлігіне байланысты болса, ол шеберліктің әртүрлі тәсілдермен берілетіні белгілі. Сондықтан да поэзияда кестелі сөздер, образды тіркестер, әуенді теңеулер көптеп ұшырасуы заңды, оның себебі – өлеңнің ұйқасқа, сұлулыққа, үйлесімділікке құрылатындығында. Сондықтан сондай үйлесімділікке құрылған паронимиялық аттракцияның көп ұшырасатын жері де поэзия. Бұл сөзімізге жоғарыдағы мысалдар дәлел бола алады.

Паронимиялық аттракция көркем шығармада каламбур, сөз ойнақылығын тудыру үшін тиімді тәсіл болып табылады. Оған мысалдарды прозадан да, поэзиядан да келтіруге болады. Мына сөйлемдерден каламбурға құрылған бұндай айшықтың сатира мен жылы юмор тіліне ерекше әуезділік пен образдылық беріп тұрғаны байқалады: Аттестат толы «уш», Оны көтеріп астанаға бару – «куш» (Б.Н.).

Тілде бұндай ойнақылық кірме, окказионал, халықтық этимологиялы сөздер арқылы жасалса, олардың эмоционалды мәнi арта түседі. Және бұндай қолданыстарды автор кейіпкердің тіл ерекшелігін, мінезін даралап көрсету үшін әдейі қолданады: –... Содан бір қу шалдар мақал шығарып алыпты. «Орыстың *Пөшкенімен пөшкесі* келді» дейді... *Пушкин и пушка*. Дәл айтылған (С.Ж.).

Паремологиялық қорға сонымен бірге затты, құбылысты образды, бейнелі атап көрсететін тілдік бірлік ретінде танылатын тұрақты сөз тіркестері де жатады. Ұлттық танымды қорсететін, лингвомәдени сипатқа ие фразеологизмдер тіліміздің байлығын, орамдылығын, шұрайлығын танытатын құрал ретінде көркем шығармаларда жиі қолданылады. Фразеологизмдердің сөзді жай ғана атап қоймай, образды түрде атауының өзі экспрессия тудырады, ал ол тіркес үндес, әуездес сөздерден жасалса, ол бейнелілік, әсерлілік арта түсетіне анық. Бұлар паронимиялық аттракцияға құрылған фразеологизмдер болып саналады. Мысалы, *Судың да сұрауы бар*, *Ә десе, мә дейді*, *Жаңа айда жарылқа*, *ескі айда есірке*, *Бірін қуантып*, *бірін қуартып* отыр, *Бір биеден ала да*, *құла да туады*, *Бірі бас*, *бірі тас* болды, *Отын оттап*, *суын сулады* және т.б. [ФС].

Қорытынды. Зерттеу барысында паремологиялық бірліктердегі паронимиялық аттракцияның тілдік және стильдік ерекшеліктері жан-жақты қарастырылды. Паронимиялық аттракция стилистикалық айшық ретінде дыбысталуы ұқсас, бірақ мағыналары әртүрлі сөздерді қатар қолдана отырып, мағыналық жағынан жақындастыру болып табылады. Мақалада осы аталған стилистикалық айшықтың мақал-мәтелдер, авторлық сентенциялар, афоризмдер мен фразеологизмдер құрамында кездесуі, олардың экспрессивтілік сипаты мен әртүрлі қызметі сараланып, талданды. Қазақ халқы ауыздан шыққан сөзді ықшамдап, тұспалдап, жинақтап, түйінін беріп қана қоймай, оның бейнелілігіне, тыңдаушыға әсер ететіндей үндестігіне, яғни экспрессивтілігіне ерекше мән берген. Бұл ойымызды біз мақала барысында жинақтаған мақал-мәтелдерден, сөздіктер мен көркем шығармалардан алынған мысалдармен дәлелдеп, талдап көрсеттік.

Мақаламызда паремологиялық бірліктерде кездескен паронимиялық аттракцияның тілдік, стильдік қызметін сөз ете отырып, бұл құбылысты зерттеу қазақ тілінің сөз оралымдылығын, көркемдік-эстетикалық мүмкіндіктерін, тіліміздегі дыбыс пен мағына үйлесімділігінің мақал-мәтелдердегі көрінісін айқындай алдық. Осы бағыттағы зерттеулер мен талдаулар қазақ халқының дүниетанымы мен тіл шығармашылығының ерекшеліктерін тереңірек түсінуге мүмкіндік береді. Зерттеу нәтижелері қазақ тіл біліміндегі мәтіннің паремологиясын, стилистикасын және лингвистикасын дамытуға үлес қосады және паремологиялық бірліктерді одан әрі кешенді зерттеуге негіз болады.

ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

1 Григорьев, В.П. Языковые процессы современной русской художественной литературы [Текст] / В.П. Григорьев. – Москва, 1977. – 392 с.

2 Гончарев, Б.П. Звуковая организация стиха и проблема рифмы [Текст] / Б.П. Гончарев. – Москва: Наука, 1973. – 276 с.

3 Кадимов, Р.Г. Паронимическая аттракция в русской советской поэзии [Текст]: автореф. дис. ... канд. филол. наук / Р.Г. Кадимов. – М., 1985. – 22 с.

4 Ткаченко, Л.П. Паронимическая аттракция в русском языке и её место в курсе лексической стилистики для иностранных студентов-филологов [Текст]: автореф. дис. ... канд. филол. наук / Л.П. Ткаченко. – М., 1982. – 22 с.

5 Сыздыкова, Р. Абайдың сөз өрнегі [Текст] / Р. Сыздыкова. – Алматы: Санат, 1995. – 208 б.

6 Отар Әлі Бүркіт. Қазіргі қазақ тіліндегі қайталамалардың лингвостилистикалық табиғаты [Текст] / Отар Әлі Бүркіт. – Алматы, 2001. – 274 б.

7 Қайдаров, Ә., Тұрабаева, Ғ. Қазақ мақал-мәтелдері мен авторлық-стильдік инварианттары жайында [Текст] / Ә. Қайдаров, Ғ. Тұрабаева // ҒА Хабарлары. Тіл сериясы. – Алматы, 1982. – № 3.

8 Әділова, А.С. Сентенцияның тілдік табиғаты және стильдік қызметі (Қадыр Мырза Әлі шығармалары негізінде) [Текст]: филол. ғыл. канд. дис. / А.С. Әділова. – Қарағанды, 1998. – 115 б.

REFERENCES

1 Grigor'ev, V.P. Yazykovye processy sovremennoj russkoj hudozhestvennoj literatury. [Language Processes of Modern Russian Fiction Literature]. Moskva, (1977): 392 s. – (In Rus)

2 Goncharev, B.P. Zvukovaya organizaciya stiha i problema rifmy. [The Sound Organization of Verse and the Problem of Rhyme]. Moskva: Nauka, (1973): 276 s. – (In Rus)

3 Kadimov, R.G. Paronimicheskaya attrakciya v russkoj sovetskoj poezii: Avtoref... diss. kand. fil. nauk. [Paronymic Attraction in Russian Soviet Poetry]. Moskva, (1985): 22 s. – (In Rus)

4 Tkachenko, L.P. Paronimicheskaya attrakciya v russkom yazyke i ee mesto v kurse leksicheskoj stilistiki dlya inostrannyh studentov-filologov: Avtoref... diss. kand. fil. nauk. [Paronymic Attraction in the Russian Language and Its Place in the Course of Lexical Stylistics for Foreign Philology Students]. Moskva, (1982): 22 s. – (In Rus)

5 Syzdykova, R. Abaydyn soz ornegi. [The Word Pattern of Abai]. Almaty: Sanat, (1995): 208 b. – (In Kaz)

6 Otar Ali Byrkit. Kazirgi kazakh tilindegi kaitalamalardyn lingvostilistikalyk tabigaty. [The Linguostylistic Nature of Repetitions in the Modern Kazakh Language]. Almaty, (2001): 274 b. – (In Kaz)

7 Kaidarov, A., Turabaeva, G. Kazakh makal-matelderi men avtorlyk-stildik invarianttary zhayynda [On Kazakh Proverbs and Their Authorial-Style Invariants]. GA Habarshylar. Til seriyasy, No 3. Almaty, (1982). – (In Kaz)

8 Adilova, A.S. «Sentenciyanyn tildik tabigaty zhane stildik kyzmeti» (Kadir Myrza Ali shygarmalary negizinde). Filologiya gylymdarynyn kand. dissert. [The Linguistic Nature and Stylistic Function of Sentences (Based on the Works of Kadir Myrza Ali)]. Karagandy, (1998): 115 b. – (In Kaz)